



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ исх: 20-36/1613 от: 26.06.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2017 жылғы 1 маусымдағы ДС-156 хатқа

Құрметті депутаттар!

Балаларды қатыгездіктен қорғау мен зорлық-зомбылықтың алдын алудың проблемалары туралы депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықты қолдану үшін ата-аналар мен үлкендердің жауапкершілігін күшейту мәселесіне қатысты

Соңғы жылдары мемлекеттік органдар жүргізген мақсатты бағытталған жұмыстың нәтижесінде кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстардың саны 3,5 есеге дерлік төмендеді (*2012 жылы – 8886, 2016 жылы – 2587*).

Осындай үрдіс ағымдағы жылғы 5 айдың қорытындысы бойынша да сақталуда (*балаларға қатысты жасалған қылмыстардың деңгейі 39% төмендеді, 1372-ден 838-ге дейін*).

Кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар санының төмендеуіне қабылданған заңнамалық және ұйымдастырушылық-практикалық шаралар әсер етті.

2010 жылдан бастап¹ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне (*бұдан әрі – ҚК*) бірнеше рет өзгерістер енгізу, кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған зорлау сипатындағы қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікті айтарлықтай қатандатуға мүмкіндік берді.

Мысалы, қазіргі уақытта, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғуға қылмыстар жасаған адамдарға жеңілдететін қылмыстық-құқықтық шаралар (*шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазалаудың жеңіл*

¹ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адамдарды сатуға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі, 2014 жылғы 3 шілдедегі редакцияда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдары.

түрлеріне ауыстыру, қоғамнан оқшаулаусыз соттау және басқалар) қолданыла алмайды. Бұдан басқа, 2018 жылдан бастап қылмыстық-құқықтық әсер етудің жаңа шарасы – химиялық кастрация енгізіледі.

Сондай-ақ ҚК-нің жекелеген құрамдары бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтардың арнайы субъектісі болып ата-аналар, педагогтар және оларға заңмен кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу бойынша міндеттер жүктелген өзге де адамдар бөлінген, бұл олардың жауапкершілігін қатаңдатуға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне енгізілген түзетулер² кәмелетке толмағандардың қатысуы бар салаларда жұмыс істейтін ұйымдарға кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыс (*адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, жыныстық қол сұғушылыққа қарсы қылмыс*) үшін соттылығы бар немесе болған адамдармен еңбек шартын жасауға тыйым салады.

Бұдан басқа, отбасыларында балаларға қатысты зорлық-зомбылық жасаудың негізгі себебі әлеуметтік қолайсыздық болып табылатынын ескере отырып, оларға тиісті көмек көрсету бойынша мәселелер пысықталуда. Мәселен, Парламент Мәжілісінің депутаттары бастамашылық еткен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау бойынша функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы шеңберінде жергілікті билік органдарының кәмелетке толмағандарды және қолайсыз отбасыларды медициналық-әлеуметтік есепке алу (*медициналық, психологиялық, тұрмыстық, материалдық көмек көрсету, оқыту, жұмыспен қамту және т.б*) міндеті көзделуде.

Бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, «Көрші бақылауы» бағдарламасын күшейтуге, мүдделі мемлекеттік органдар қатарынан жедел ден қою тобын құруға және «Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған ден қою» бағдарламасы саласын кеңейтуге қатысты.

Балалармен жұмыстың тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары, халықаралық талаптар мен стандарттарды ескере отырып, Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында анықталды³.

Білім беру ұйымдарында оқу орындарының қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін және жергілікті қоғамдастықтың ұсыныстарын ескере отырып, білім беру, балалардың бос уақыты мен жұмыспен қамту мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін қамқоршылық кеңестер құрылды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының шешімімен де (*ағымдағы жылғы 27 сәуірдегі*) Құқық бұзушылықтар профилактикасының 2017-2019 жылдарға арналған кешенді жоспары мақұлданды, оның шеңберінде балалардың бос уақытын ұйымдастыру және оларды дене шынықтыру және спортпен айналысуға жаппай тарту бойынша іс-шаралар іске асырылуда.

²«Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 17 ақпандағы Қазақстан Републикасы Заңы

³ Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығымен бекітілген

Зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтарға арналған оқу бағдарламалары мен біліктілікті арттыру курстарын жетілдіруге және зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларды анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесіне оқытуға ерекше назар аударылады. Қазір осы жұмысты, жыл сайын 2 мыңнан астам педагогтарды қамти отырып, 46 жоғары оқу орны жүзеге асыруда.

Жергілікті атқарушы органдар халықаралық және үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып, педагогтар мен балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мамандар арасында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларға қатысты зорлық-зомбылық мәселелері бойынша оқыту семинар-тренингтерін жүргізуде.

БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) үйлестіруімен 6 өңірде (*Алматы қаласы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстары*) Шығыс Қазақстан облысында сәтті сынақтан өткен «Профилактика және мектептегі зорлық-зомбылыққа ден қою» модельдік бағдарламасын енгізу жоспарлануда, бұл оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы бойынша мемлекеттік органдар іс-әрекеттерінің бірыңғай алгоритмін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Интернетте балаларға қатысты порнографиялық сайттарға тыйым салу, «Ата-аналық бақылау» бағдарламасын орнату, БАҚ-қа балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілерін ұсыну, отбасылық құндылықтарды насихаттауға қатысты

Мемлекеттік органдар балаларды ақпараттық кеңістіктегі жағымсыз контенттен оқшаулау мәселелеріне аса назар аударуда. БАҚ саласында мемлекеттік бақылауды күшейту және зорлық-зомбылықты, порнографияны насихаттауды қамтитын материалдарды анықтау мәнінде ақпараттық кеңістікті мониторингілеу бойынша шаралар қабылдануда.

Тек 2016 қазақстандық пайдаланушыларға балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін 31 мыңнан астам интернет ресурстарға қол жеткізу шектелді, оның ішінде 26 мыңнан астамы қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, суицид пен порнографияны насихаттауды қамтиды, ағымдағы жылы 5,5 мыңнан астам.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі балаларды интернет желісіндегі зиянды ақпараттан қорғау бойынша ата-аналарға арналған мамандандырылған курс жобасын әзірледі. Отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында арнайы бағдарламаларды әзірлей отырып, мемлекеттік ақпараттық саясаттың «Отбасылық құндылықтарды, отбасы және неке институтын нығайтуды, ананы, баланы қорғауды ақпараттық жылжыту және түсіндіру» атты жекелеген тақырыптық бағыты көзделді.

Аталған бағыттардағы жұмыс барлық мүдделі мемлекеттік органдардың тұрақты бақылауында және басқа да заңнамалық және ұйымдастырушылық-практикалық шаралармен кешенді түрде жалғасатын болады.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев